



Автор: Макишева Тлеухор Куанышовна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Көлік және жол белгілері
Тақырып: Жол қауіпсіздігінің белгілері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.Ж4. Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу. ӘТН. Қысқарған сөздер емлесі.
Сабақтың мақсаты:	Жол белгілері туралы жұбымен өз ойын бөліседі. Түрткі болу сұрақтарына жауап береді. Тапсырмада берілген жол белгілерін сипаттап жазады. Жол қауіпсіздігінің не үшін қажеттілігі туралы болған оқиға жайында эссе жазады.
Тілдік мақсаттар:	
Күтілетін нәтиже:	Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазады.
Бағалау критерийлері:	<ul style="list-style-type: none">- Болған оқиғаны сипаттап жазады Дескриптор <ul style="list-style-type: none">- эссе тақырыбына қатысты өз ойын білдіре алады;- эссе құрылымын сақтайды (кіріспе, негізгі, қорытынды);- бір мекенде болған оқиғаны сипаттап жазады;- эссе көлемін сақтайды.
Құндылықтарды дарыту:	6. Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы
АКТ-ны қолдану дағдылары:	bilimland.kz, twig-bilim.kz
Пәнаралық байланыс:	құқықтану
Бастапқы білім:	5.Т/А5. Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру. ӘТН.Күрделі атаулар емлесі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Тұлғааралық байланысты орнату. Жұбыңызбен ой бөлісіңіз. Жол белгілеріне қатысты ақпаратты таңдап алыңыз. Жол қауіпсіздігінің ережелерін ескеріп, жұбыңызбен ой бөлісіңіз.	
Сабақтың ортасы (27 минут)	Жолдан өту ережесі. (bilimland.kz) Бейнені мұқият қарап, тыңдаңыз. Бейнедегі айтылған ақпарат бойынша өз пікіріңізді айтыңыз. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. 1. Қандай жағдайда жол көлік оқиғасы орын алуы мүмкін? 2. Жүргіншілер қандай жолдармен дұрыс кесіп өткен жөн? Неліктен? 3. Жолды кесіп өтудің тәсілдерін ата. 4. Жер асты өткел жолы не себепті ең қауіпсіз жол? 5. Жолдың арғы бетіне көпір арқылы өту денсаулыққа пайдалы. Неліктен? 6. Жолдың белгілі бір бөлігіндегі жолды кесіп өтуге арналған жолдарды қандай жерлерге салады? Неліктен? 7. Неліктен жаңбырлы күні тротуармен жүру керек? 2- тапсырма. Жол белгілерін сипаттап жаз	https://bilimland.kz/kk/courses/education-movies/tema-klassnogo-chasa/lesson/zholdan-otuz-erezhesi
Сабақтың соңы (5 минут)	“Көңіл-күй” термометрі арқылы оқушылардан кері байланыс алу.	https://www.qazlatyn.kz/grammar

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (3 минут)	"Жалғыз құты" әдісі Сабақтағы оқу тапсырмалары латын әліпбиі негізінде орындалады.	